

27 qazan

2022 jyl
beisenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

№121 (19116)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

■ МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

■ МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ



Ұлттық мейрамда ұлықталды

Әрбір өңірдің өркендеуі ең алдымен қарапайым еңбек адамының белсенді тірлігіне, қажырлы қуатына тікелей байланысты. 25 қазан – Республика күнінің қарсаңында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына елеулі үлес қосқан жандарды марапаттап, мемлекеттік наградалар табыстады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Б. Римова атындағы Жетісу облыстық театрының ғимаратына жиналған көпшілік алдымен Мемлекеттік Тудың әкелуіне куә болып, Гимнді тік тұрып орындады. Одан соң мерекелік шараға келген көпшілікті құттықтаған өңір басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Ұлттық мереке статусын алған Республика күнінің маңызына тоқталып, «Егемендік туралы» декларацияның ұлт тарихындағы орнын айшықтады.

– Мемлекет – біздің өмір сүріп отырған ортақ үйіміз. Сондықтан оның тағдыры, бүгінгі мен болашағы елдің әрбір азаматына тікелей қатысты. Әділеттілік принципін ұстанған Жаңа Қазақстанның алғашқы қадамы мемлекеттік басқару жүйесіндегі, қоғамдық-саяси құрылымдағы түбегейлі өзгерістерден басталып отыр, – деген Бейбіт Әкімбайұлы межеленген міндеттерге қол жеткізудің маңызын да атап өтті.

– Күні кеше облысымызға арнайы келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жұртшылықпен кездесуінде Жетісу

облысын дамытудың маңызды басым бағыттарын айқындап, нақты тапсырмалар берді. «Шын мәнінде, әділдік болмаса, ешбір сала дамымайды. Құзырлы органдар, лауазымды тұлғалар шешім қабылдағанда осыны әрдайым есте ұстауға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің алдымызға қойған басты міндеті – әміршіл-әкімшіл билік емес, көптің үніне құлақ асатын, елмен санасатын, халықтың әл-ауқатын көтеріп, жағдайын жасайтын жүйе құру. Бұл орайда жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдарға зор жауапкершілік жүктеледі. Яғни бұл талап өңірлік саясаттың өзегі болуы тиіс. Сонымен қатар бұл іске тұтас қоғам болып атсалысуымыз керек. Сонда ғана жаңа реформалардың нәтижесін көп ұзамай көре аламыз.

25 қазан – Республика күні Ұлттық мерекені ұлықтау мақсатында Талдықорғандағы «Жастар» саябағының төрінде орналасқан биіктігі 91 метрлік алып Тудың жанына облыс әкімі Бейбіт Исабаев бастаған өңір басшылары, ардагерлер, еңбек ұжымдары, зиялы қауым өкілдері келді.

Патриоттық акцияда сарбаздар Мемлекеттік Туды салтанатты саппен ел алдынан алып өтті, Мемлекеттік Гимн орындалып, Ту көтерілді. Мұнан соң облыстық филармонияның әншілері мен өнер жұлдыздары әннен шашу шашты. Бұл күні облысымыздың барлық аудан-қалаларында Мемлекеттік Ту көтеріліп, патриоттық шаралар ұйымдастырылды. Халық игілігі үшін қызмет ететін жаңа нысандар ашылды.

Талдықорған қаласы
Жетісу облысы

Осыдан соң облыс әкімі Жетісу жерінің өркендеуіне үлес қосқан жандардың кеудесіне «Құрмет» орденін, III дәрежелі Еңбек даңқы орденін, «Ерен еңбегі үшін» медалін, «Шапағат» медалін тағып, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы мен «Жетісу облысының Құрметті азаматы» атағын табыстады. Көпшіліктің ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алған белгілі айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов жырдан шашу шашты.

Республика күнінің құрметіне орай марапат алған жандарды «Жетісу облысының Құрметті азаматы» атағын алған еңбек ардагері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Асылмұрат Тұрғанбеков пен «Құрмет» орденін алған Ескелді ауданындағы «Черкашина» шаруа қожалығының төрайымы Зинаида Черкашина құттықтап, жүрекжарды тілегін арнады.

Салтанатты шара соңы Жетісу облыстық филармониясының өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.



Алма ЕСЕНБАЙ

– Қадірменді қауым! Баршаңызды Ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл күннің тарихи маңызын ескере отырып, Ұлытаудың төрінде өткен Ұлттық құрылтайда Республика күнін қайта жаңғырту туралы шешім қабылдады. Осы орайда Президентіміз: «Республика күні еліміздің мемлекеттілікке бағытталған тарихи қадамының символына айналуға тиіс», – деді. 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Республикамыздың Мемлекеттік егемендігі туралы декларация арқылы еліміз еркіндікке қол жеткізді.

Бұл маңызды құжат қабылданған соң алдымызда демократиялық, құқықтық мемлекет құру, нарықтық қатынасқа көшу, ел тәуелсіздігін қушейту сияқты үлкен міндеттер тұрды. Қазақстан халқы бұл тарихи миссияны абыроймен атқарып, ауызбіршілігінің, жасампаз еңбегінің арқасында гүлденген, заманауи мемлекет құра білді. Қазіргі Қазақстан – бірлігі жарасқан, экономикасы

Тарихи күннің тартуы

Қонаев қаласындағы Мәдениет үйінде Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Онда Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев көпшілікті мерекемен құттықтап, өңір дамуына елеулі үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттады.

дамыған, әлеуеті артқан, әлемге танылған қуатты мемлекет. Біздің мәңгілік мұратымыз – Тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекетімізді мығым ету, – деді облыс басшысы.

Бұдан соң бірқатар азаматты «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі Еңбек даңқы ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалдарымен, Құрмет грамотасымен марапаттады. Еңбегімен елеулі болып, еліміздің мәдениеті, білімі, өнеріне қалтқысыз қызмет еткен жандар «Алматы облысының Құрметті азаматы» атанды.

Бұл қатарда Жамбыл аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Бағдат Әлиев, Жамбыл атындағы филармонияның солист-вокалисі Нұрғали Нұсіпжан, Кеген аудандық халық театрының қою-

шы режиссері Нағима Таласбаева, Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрymbетов бар.

Шара барысында республика бойынша «Үздік әкім» деп танылған Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының әкімі Бақыт Бейсенбеков те марапатталды. Ал еңбек жолын енді бастаған мемлекеттік қызметшілер ант қабылдады.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, эстрада жұлдыздары – Мирас пен Құралай, Ерке Есмахан, Өмірқұл Айниязов, «Мұзарт-live», «Алатау серілері» мен «Сүйінбай сазы» ансамблі әннен шашу шашты.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Патриоттар жарысы

Республика күнін мерекелеу аясында Қонаев қаласында жүгіруден жарыс өтті. Оған мектеп оқушылары, қарттар мен қала қонақтары қатысты.

Спорттық шараға қатысқандардың ең кішісі – 7 жаста, ең үлкені – 63-те.

– Баршаңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын! Жарыс жеңіл атлетиканы және жалпы спортты насихаттау мақсатында өткізілді. Шараға Қонаев қаласының 8 мектебі, сондай-ақ Қаскелең мен Талғардан келген жүгірушілер қатысты. Жарыста 5,6,7,8-сынып оқушылары 2 шақырым, үлкендер 3 шақырым қашықтыққа жүгірді. Шараға барлығы 600-ге жуық

адам қатысты, – дейді Алматы облысының жеңіл атлетикадан аға жаттықтырушысы Валерий Еремін.

Спорттық жарысқа облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев қатысып: «Бұл облыс орталығы болғалы бері ұйымдастырылған 2-ші жарыс. Спорт – денсаулық кепілі. Сол себепті мұндай ауқымды мерекеде спортқа айрықша көңіл бөлінді», – деді. Содан соң басқарма басшысы жеңімпаздарды марапаттады. Жүлделі орындарға ие болғандарға кубоктар мен медальдар, сертификаттар және спорттық су бөтелкелері табысталды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Қонаев қаласы
Алматы облысы

«Цифрлық кеңсе» ашылады

25-қазан күніне орай, Сарқан қаласында Халыққа қызмет көрсету бөлімінде «Цифрлық кеңсе» бөлімшесі ашылды.

Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Цифрлық Қазақстан» атты жобасы аясында қолдау тапты.

Аталған кеңсенің ашылу салтанаты «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамы төрағасының орынбасары Айнұр Тобаева және аудан әкімінің орынбасары Жомарт Мынбаевтың қатысуымен орталық жаңа форматта іске қосылып, халық игілігі үшін жұмысын бастады.

Мереке қарсаңында ашылып отырған бөлімшенің басты мақсаты – қағазбастылықтан арылып, цифрлық форматта жұмыс жасауға қадам басу.

«Халыққа қызмет көрсету орталығын, бірінші кезекте, азаматтарға ыңғайлы болу үшін түбегейлі жаңғыртудан өткізіп, қысқа мерзімде сапалы мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті жабдықтармен және цифрлық жүйелермен жабдықтадық», – деді бөлім басшысы Сания Аблайханқызы.

Сонымен қатар, бұл орталыққа күніне жүзден астам адам келіп, түрлі қызметтер мен анықтамалар алады.

Айта кету керек, ауданымызда іске қосылған «Цифрлық кеңсе» бөлімшесі Жетісу облысында ең алғаш болып ашылып отыр.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Жетісу облысы

Талғар қаласындағы Жеңіс скверінде Таулы Карабах, тәжік-ауған қақтығысында қаза болған ержүрек жауынгерлер рухына арналған белгітастың ашылуы болды.

Белгітас қойылды

Ұлбосын ИСАБЕК

– 2020 жылғы «Ардагерлер туралы» Заңда Ауған, Таулы Карабах, тәжік-ауған аумағындағы ұрыстарға қатысқандар ардагерлер санатына кіргізілген болатын. Бейбіт күнде өздерінің әскери борышын адал атқарғандардың ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, жастарды Отан сүюге тәрбиелеу – ортақ парызымыз. Бүгінгі белгітастың ашылуы да осы ойымыздың айқын көрінісі, – деген аудан әкімі кеуделерінде төсбелгі, медальдары жарқыраған майдангерлерді мерекемен құттықтап, денсаулықтарының мықты, отбасының аман болуына тілектестігін білдірді.

Бұдан соң республикалық «Айбын» тәжік-ауған шекарасы ардагерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігінің өкілдері Ерлан Нұрғалиев, Әділбек Елеусізов бастаған ардагерлердің қатысуымен белгітастың лентасы қиылып, шымылдығы ашылды. Алқызыл гүл шоқтары қойылып, тағзым етілді.

– Өткенді еске алмай – болашаққа жол жоқ. Өскелең ұрпақ патриоттық тәрбие беріп, елін, жерін сүюге баулу – басты міндетіміз. Бүгінгі шара соның көрінісі. Белгітастың ашылуына келген әскери киімдегі азаматтардың барлығы да 40-тан асқандар. Олар бар болғаны 18-20 жасында азаматтық соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен ержүрек жауынгерлер еді. Тәжікстанның астанасы Душанбеде соғыста қаза болған отандастарымызға еңселі ескерткіш орнатылған. Біз – бауырлас халықпыз. Екінші дүниежүзілік соғыста да осы бауырластықтың арқасында жеңіске жеттік. Енді соғыс деген суық сөз естілмесін, ел іргесі аман, бейбіт заман болсын, – деді генерал-майор, Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің қолбасшысы Токтасын Бұзыбаев.

Салтанатты шара соңында тәжік-ауған соғысында шейіт кеткен бауырлар рухына бағышталып Құран оқылды.

Алматы облысы

Амбулатория іске қосылды

Ұлттық мерекеде Алакөл ауданына қарасты Еңбекші ауылдық округінде жаңа амбулатория қолданысқа берілді. Қоңырқай тірлік кешкен қойлы ауылдың азаматтары үшін бұл үлкен сый болды.

Кеңестік уақытта салынып, күйі мен құты қашқан ғимаратта еңбекшілік бұқара ем алатын. Нысанның төбесінен су тамып, қыста қалың киімсіз отыру да оңай болмайтын. Осы ретте аудан басшылығының шешімімен алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған модульді дәрігерлік амбулатория салу ісі қолға алынған еді.

Аудан әкімі Алмас Абдинов: «Денсаулық сақтау саласы – бүгінгінің басты мәселелерінің бірі. Пандемия өрті өршіген тұста дәрігерлер мен медицинаның маңыздылығын барлығымыз да жақсы ұққандаймыз. Ендігі ретте бұл бағытта атқарылар жұмыстардың қарқынын арттыра бермекпіз. Соның айқын бір дәлелі ауылдарыңызда салынған жаңа амбулатория, – дей келе, жиналғандарды атаулы мерекемен құттықтап кетті.

Уағдалы уақытында ғимараттың лентасы қиылып, халық жаңа нысанның ішін тамашалады. Амбулаторияда емделушілерге барлық жағдай жасалған. Кіреберісте тіркеу бөлімінен басталып, емдеу, егу, қабылдау және қадағалау бөлмелері орналасқан. Бұнда меңгерушіден бөлек дәрігер, акушер, фельдшер, 2 медбике мен кіші қызметкерлер еңбектенбек. Ғимаратты мердігер компания «Qaz Damu Construction» ЖШС салған. Жобаның жалпы құны 78 млн. теңгені құрайды. Нысан бір қабатты, жеті бөлмеден тұрады. Жалпы ауданы 110 шаршы метр.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Жетісу облысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградларымен наградтау туралы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін төмендегі азаматтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады:

«Парасат» ордені

ДӨНСЕБАЕВ Қалмұхамет Жағыпарұлы – «Жетісу» авиакомпаниясы» АҚ президенті, Талдықорған қаласы

МАЖАЙҚЫЗЫ Ауесхан – еңбек ардагері, көп балалы ана, Талдықорған қаласы

«Құрмет» ордені

ӘРИНОВ Әміре Әрінулы – еңбек ардагері, Қазақстанның құрметті журналисі, Талдықорған қаласы

БЕКОЖАНОВ Бахтияр Сейтжанұлы – кәсіпкер, Кербұлақ ауданы

БҰРАХАНОВ Жанат Махметұлы – аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, Кербұлақ ауданы

ДОСЫМБЕКОВ Алдібек Рғайбекұлы – Көксу ауданы мәслихатының хатшысы

ЕГІНБАЕВ Мұратхан Солтанбайұлы – еңбек ардагері, халықаралық және Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі

ЖУАНЫШБАЕВ Ерік Әсербайұлы – «ЕР-АСЫЛ» шаруа қожалығының төрағасы, Алакөл ауданы

МАМЫРОВ Мәулен Сәтімбайұлы – Жетісу облысы Олимпиадалық резерв дайындау орталығының директоры, Талдықорған қаласы

СМАҒҰЛОВА Гульмира Дубекқызы – «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблінің көркемдік жетекшісі, Талдықорған қаласы

СПИРИДОНОВА Валентина Григорьевна – «К. Токаев атындағы қайырымдылық қоры» қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қаратал ауданы

ЧЕРКАШИНА Зинаида Евгеньевна – «Черкашина» шаруа қожалығының төрайымы, Ескелді ауданы

III дәрежелі Еңбек даңқы ордені

ӘЙТІБАЕВ Мұхтар Тельманұлы – «Талдықорған Көркейту» ЖШС көгалдандыру шебері, Талдықорған қаласы

БЕКЧОЙНОВ Ардақ Абайұлы – «Жазылбеков и К» ШҚ шопаны, Алакөл ауданы Жетісу облысы

ТОҚТАҒҰЛОВ Ербол Нұрбекұлы – «Koksu S&M Company» ЖШС жұмысшысы, Көксу ауданы

«Ерен еңбегі үшін» медалі

АБДРАХМАНОВ Қанатбек Тұрысбекұлы – Кербұлақ аудандық орталық ауруханасының директоры, Жетісу облысы

ӘШПРБЕКОВ Заманхан Манапұлы – «Сарканирригация» су шаруашылығы МКК директоры, Сарқан ауданы

ДӘРІБАЕВ Ғалымжан Темірғалиұлы – Жетісу облысы жол-ауышлар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

ЕСЕНОВ Ескали Молдағалиұлы – Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің бас маманы

ЕСІМЖАНОВ Мұхит Айтмұхамбетұлы – «Есимжанов М.А.» ШҚ төрағасы, Ескелді ауданы Жетісу облысы

ЖАПАРҚҰЛОВ Рғайбек Аманбайұлы – «ТАТЭК» АҚ Үштөбе аудандық электржүйелері мекемесінің басшысы, Қаратал ауданы

ЖҰМАДІЛОВ Асет Қазыұлы – Талдықорған қаласы гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры

ИБРАГИМОВА Мадина Айтқазықызы – Талдықорған қаласы қаржы бөлімінің басшысы

КЕНЕНБАЕВ Нұрәулет Сағадияұлы – Жетісу облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

КЕРІМҚҰЛОВ Тохтарбай Әкімұлы – еңбек ардагері, Панфилов ауданы

САБЫРБАЕВ АмандосАқышұлы – Ақсу ауданы әкімінің орынбасары

ТҰЛАҚБАЕВ Руслан Мұстапаұлы – «Р.Тұлақбаев» шаруа қожалығының басшысы, Панфилов ауданы

ХАЛЕЛОВ Даулет Кенжеханұлы – Көксу ауданы әкімінің орынбасары

ШАЛБАЕВ Бақыт Сарбасұлы – еңбек ардагері, Текелі қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

«Шапағат» медалі

ӘБІЛӘКІМ Әбдұғали – кәсіпкер, Талдықорған қаласы

ӘБІЛМАЖИНОВА Толқын Тілеубекқызы – «Айналайын» балалар үйінің тәрбиешісі, Талдықорған қаласы Жетісу облысы

ВЛАСЕНКО Оксана Анатольевна – кәсіпкер, Ескелді ауданы

ЕГІЗОВ Қанат Сарқытбайұлы – «Зекет» қайырымдылық қорының өкілі, Қаратал ауданы

ИЛИЕВ Қасымжан Абдукаримович – ауданаралық көпсалалы ауруханасы бөлімінің меңгерушісі, Панфилов ауданы

ИСПАНОВА Ляззат Сарқытбайқызы – К. Токаев атындағы орта мектебінің директоры, Қаратал ауданы

ИСАЕВА Майрагуль Құтбайқызы – еңбек ардагері, Ақсу ауданы

Минченко Светлана Петровна – Безродных атындағы орта мектебінің мұғалімі, Алакөл ауданы Жетісу облысы

МИХАИЛОВА Надежда Тихоновна – орталық ауруханасының медбикесі, Сарқан ауданы

ЧУЮМБЕКОВА Жамиля Маматайқызы – Ж.Тобаяков атындағы орта мектебінің мұғалімі, Кербұлақ ауданы

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы

БҰЛҒАҚОВ Айтқын Мұхамедиұлы – «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, Талдықорған қаласы

Қазақстан Республикасының
Құрмет грамотасы

АРТЮЩЕНКО Александр Николаевич – «Adventure life» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Текелі қаласы Жетісу облысы

АСҚАРОВА Айгуль Оразғалиқызы – «Нұр» мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры, Сарқан ауданы

ЖАНДОСОВА Гульнара Жандосқызы – Ақсу ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы

ЗЕЙНАЛОВ Абдулла Вилаятович – «Жұлдыз» шаруа қожалығының басшысы, Көксу ауданы

МӘКЕЖАНОВА Гүлнәр Несіпбекқызы – «Алтын сақа» балабақшасының меңгерушісі, Панфилов ауданы Жетісу облысы

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 14 қазан №1047

■ МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Тойға шашу

Республика күні Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қонаев қаласының орталық алаңындағы жәрмеңкеде ұсынылған ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер шеберлерінің бұйымдарымен танысып, ұлттық мерекеге арналған концерттік бағдарламаны тамашалады.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Марат Елеусізұлы 9 аудан мен Қонаев қаласының ауыл шаруашылығы өнімдерін аралап көрді. Жәрмеңке облыс орталығында алғаш рет ұйымдастырылды. Тауар өндірушілер ет, сүт, көкөніс сияқты тауарлардың 48 түрін сатылымға шығарды. Барлығы 141 тоннаны құрайтын өнім 132 миллион теңгеге саудаланды. Бұл туралы Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Кююмчан Омаров мәлім етті. Ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтық бағадан 10-15 пайызға төмен бағамен сатылды. Мәселен, сиыр еті 2350 теңге, піяз 100 теңге, картоп пен сәбіз 120 теңгеден саудаланды. Облыс орталығының орталық алаңында мерекеге жиналған халық «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» атты концерттік бағдарламаны тамашалап, Республика күнінің тарихымен танысты. Онда 1990 жылы

25 қазанда Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, 1995 жылы бұл күн ұлттық мереке – Республика күні болып жарияланғаны, оған 2001 жылы мемлекеттік мереке мәртебесі беріліп, ол 2009 жылға дейін сақталғаны, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы маусым айында Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінде Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып, ҚР Парламенті биылғы қыркүйек айында «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін Республика күнін ұлттық мереке ретінде белгіленгені туралы айтылды. Бұл Заңға ел Президенті қол қойды. Мерекелік шарада сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастыру, ұлт бірлігін нығайту, нарықтық экономика құру, оның киындықтары жайында жан-жақты сөз етілді. Қапшағай қаласы Қонаев болып өзгертіліп, об-

Ескерткіш бой көтерді

Қапшағай ГЭС-інде мемориалды ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Ескерткіш 1970 жылы ГЭС-тің салынуына ықпал еткен мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың және жоба авторы, көрнекті қазақ энергетигі Шапық Шөкіннің 110 жылдығына, жұмысты ұйымдастырушы Асанбай Асқаровтың 100 жылдығына орай бой көтерді.

Алма ЕСЕНБАЙ

Ескерткішті ашу рәсімін Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқарма төрағасы Серік Түтебаев және энергетика саласының ардагері Есберген Әбітайұлы атқарды. Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі ұлттық мереке ретінде биыл қайта тойлана бастаған Республика күнімен және ескерткіштің ашылуымен жиналғандарды құттықтады. –Димаш Ахметұлының жәнеоның замандастарының бар ғұмыры мемлекетіміздің дамуы мен нығаюына арналды. Оған дәлел – Қапшағай ГЭС-інің құрылысы. Қаланың салынуы да осы стратегиялық нысанмен тығыз байланысты. Біз бүгінгі мереке қарсаңында халқымыздың біртуар перзенттерінің алдында бас ие отырып, ескерткішті ашып отырмыз. Бұл ретте «Самұрық-Энерго» және «Алматы электр стансылары» АҚ басшылығына алғыс айтамын, – деді Марат Елеусізұлы. Келесі кезекте сөз сөйлеген «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқарма төрағасы Серік Түтебаев ұлы

тұлғалардың атқарған қызметі мен Қапшағай ГЭС-інің қазіргі таңдағы атқарып жатқан қызметі мен су электр стансылары жүйесін дамытудағы алдағы жоспарға тоқталды. Мемлекет және қоғам қайраткері, Дінмұхамед Ахметұлының немересі Елдар Қонаев бұл күннің тарихи маңызы зор екенін атап өтіп, Қонаев қаласының облыс орталығы мәртебесін алып, қайта түрлене түскеніне қуанышты екенін жеткізді. «Алматы электр стансылары» АҚ басқарма төрағасы Ерлан Қыркынабаевқа «Қонаевтың 110 жылдығы» мерекелік медалін табыс етті. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев те бірқатар энергетика саласы мамандарын Құрмет грамотасымен марапаттады. Шара соңында жиналғандар ескерткіш алдына гүл қойып, бабалар рухына тағзым етті.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Қос қуаныш

Үштөбе қаласында 30 пәтерлі үй пайдалануға берілді. Салтанатты шараға аудан әкімі Ерлан Исабеков қатысып, Үштөбе қаласының тұрғындарын Ұлттық мерекемен құттықтады.

Сондай-ақ, пәтер иелерінің қуанышын бөлісіп, ақжарма тілегін арнады. Тұрғын үй «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Өткен жылы басталған 30 пәтерлі үй құрылысына 405,6 млн. теңге жұмсалған. Заман талабына сай тұрғызылған көпқабатты үйде 2 бөлмелі 10 пәтер және 3 бөлмелі 20 пәтер бар. Қоныстойын тойлаған тұрғындардың қатарында мүгедектер, Ауған соғысының ардагерлері, толық емес отбасылар, зейнеткерлер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырғандар бар. Жетім балалар мен көпбалалы отбасылар да баспаналы болды. Көптен бері үй кезегінде тұрған тұрғындардың мәселесін шешу алдағы кезде де жалғасады. Аудан басшысының айтуынша алдағы уақытта 40 пәтерлі коммуналдық үйдің құрылысы басталып, «Көкдала» шағынауданында 20 жаңа тұрғын үй салу жоспарланыпты.

Әмір САНА
Жетісу облысы

Қарағай отырғызылды

Мерекелік іс-шаралар Жамбыл ауданында бірнеше күнге ұласты. Алдымен аудан әкімі Нұрлан Ертастың бастауымен сенбілік өтті.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Аудан аумағынан өтетін Алматы – Бішкек республикалық күре жолының бойындағы Сұраншы, Саурық батыр ескерткішінің маңы тазартылып, айналасына 150-ден астам қарағай ағашының көшеті отырғызылды. Бұл шара енді ауылдық округтерде жалғасуда. Биыл аудан аумағына 8500 түп ағаш отырғызу көзделген. Бүгінге дейін соның 7 мыңға жуығы егілді. Аудан орталығында Республика күніне арналған салтанатты шара өтіп, ән мен жырдан шашу төгілді. Аудандық Мәдениет үйінде белгілі композитор, ақын Елдос Үмбетәлінің «Туысқандар» атты шығармашылық концерті болды. Ақынның рухты өлеңдері оқылып, әуезді әндері орындалды. Шараға арнайы қатысып, құттықтау сөзін арнаған аудан әкімі ақын Елдос Үмбетәліге «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атағын тапсырды. Сондай-ақ, мереке қарсаңында аудандық мәслихаттың №27-139 шешімімен ауданның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне елеулі үлес қосқан Дәулет Жарасбаев, Мартжан Әлімқұлов, Тұрсынғали Сарыбаев

Халыққа
қалтқысыз қызмет

Ескелді ауданының Абай, Қоржымбай, Теректі ауылдарында блок-модульді типтегі медициналық пункт ашылды. Нысандарды салу «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы арқылы жүзеге асуда.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Мыңға жуық тұрғыны бар Абай ауылындағы салтанатты жиянға қатысқан Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов: – Ауыл халқының ұсыныс-тілектері орындалып, медициналық пункт ашылып жатыр. Келесі жылы осындай нысанды 7 ауылға салу жоспарлануда. Сонымен қатар Абай ауылына келесі жылы су тартылады. Газ тарту басталады. Айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын, – деп жүрекжарды тілегін арнады.

Жаңа амбулаторияда УЗИ, ЭКГ бар. Бұдан бөлек тіркеу, қабылдау, егу, акушерлік, дәрі-дәрмек сақтау бөлмелерімен қамтылған. Үш адам жұмыс істейтін пунктте алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Құрастырмалы нысанның тиімділігі сонда, іші электр қуатымен жылыды, ешқандай күрделі жөндеуді қажет етпейді. Егер бөлшектері ескірсе, жанасына ауыстырылады. Медициналық пункт халыққа 30-50 жыл қызмет етеді. Қажет болып жатса, басқа жерге де оңай көшіріледі. Қуанышымен бөліскен ауылдың мейірбикесі Майраш Нүсіпбекева: «Ішінде су бар, жылы. Енді тұрғындарды осында қабылдап, кардиограммаға түсіреміз. Алғашқы көмек көрсетеміз. Ауыраық әйелдерді де тексе-

ріп, тұмауға қарсы екпе саламыз. Бұрын өзіміз көмір кіргізіп, отын бұтап, су тасып, от жағып, күл шығарып жүргенбіз. Қазір соның бәрінен босадық», – деді. Алты жүзден астам тұрғыны бар Теректі, үш жүзге жуық тұрғыны бар Қоржымбай ауылдарында да осындай заманауи модульді нысан халыққа қызмет көрсетеді. «Indegra Construction KZ» мердігер компаниясының өкілі Руслан Құсайынов ұсыныс түсіп жатса, басқа да ауылдарға блок-модульді типтегі медициналық пункт салуға дайын екенін айтты.

Ескелді ауданы
Жетісу облысы

I. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ – 50 ЖЫЛ

Әлемге өркениет таратқан кешегі ұлы бабаларымыздың ерлігі мен ерен еңбегінің нәтижесінде еңсе тіктеген тәуелсіз Қазақстанның келешегі жастардың қолында. Ал құтты топырақтан түлеп, тектінің тіктелген бақан-уығы, еңселі шаңырағында өскен жастардың бәсекеге қабілетті болуы алтын ұя мектеп пен бірегей білім ордаларына тікелей байланысты.

Бұл орайда еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға қажетті бәсекеге қабілетті мамандар даярлап жүрген І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрылғанына биыл 50 жыл толғанын зор қуанышпен атап өтуге негіз бар.

Ғылым мен білім кеңістігінде жарты ғасырлық тарих түзген І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің іргетасы сонау 1972 жылдың қазан айында қаланған. Алғаш Талдықорған педагогикалық институты болып құрылған университет бүгінге дейін талай сындарлы жолды өткеріп, биік белестерді бағындырды. Ұлттың текті тегершігіне айналар тұлғаларды түлетті. Ғалым, академиктерді айтпағанда, қазақ әдебиетіне олжа салған талай ақын-жазушы, журналистер, Айдын Айымбетов сынды ғарышкер, сан сала бойынша ел перзентіне айналған дауылпаз талант иелеріне білім нәрін құйды. Міне, осындай киелі білім ордасы бүгінде аршын жылдарды артқа тастап, торқалы жарты ғасырлық тойын тойлайтын күнге де жетті.

«Жыр Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіров есімімен аталатын Жетісу жерінің басты білім ордасының тарихи тізбегін тұтасымен айшықтамай, ілкімді істерін санамаласақ, бірнеше томдық кітапқа құлаш ұрарымыз хақ. Сондықтан жаңа ғасыр басынан бергі жетістіктер мен жаңалықтар арқылы еліміздің алдыңғы қатарлы университетінің білім кеңістігіндегі алатын тұғыры мен орны айшықталмақ. Атап айтсақ, 2001-2008 жылдар

аралығында университет ұжымы оқу үрдісін жетілдірді. Бірқатар мамандық бойынша аспирантура ашылды. Белсенді оқыту әдістері мен жаңа технологиялар кеңінен пайдаланылды. Рейтингітік-тесттік білім бағалау жүйесін енгізді. Оқу ғимараты және стадион салынды. Университет жанынан колледж ашылып, білімгерлерді қабылдай бастады.

Оқу ордасы 2008-2016 жылдар аралығында көпсалалы университет ретінде қалыптасып, білім берудің кредиттік жүйесіне толық көшті. Бакалавриатта жаңа мамандықтар ашылды. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бойынша мамандықтар саны көбейді. Университет педа-

гогикалық бағыттағы мамандықтарды Халықаралық аккредиттеуден өткізген Қазақстандағы алғашқы оқу орны болды. Ал 2010-2011 оқу жылында Германиядағы халықаралық мамандандырылған ACQUIN-аккредиттік агенттігі арқылы білім бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуден өткізді. Сонымен қатар, 2010-2012 жылдар аралығында бірегей білім ордасы Қазақстан, Еуразия және еуропалық университеттер Ассоциациясының мүшесі болып табылды. Бұл тарихи кезеңдерден кейін де университет барынша қарқынды дамып, білім көкжиегін одан әрі кеңейтті. 2015 жылы университеттердің БҰҰ «Академиялық ықпал» мүшесі, өткен жылы «Жібек Жолы» Ассоциациясының мүшесі болды.



ТҰҒЫРЫ БИІК, ТҰМАСЫ МӨЛДІР

Тағы бір толғамға тақырып ететін дүние – ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы Қаулысына сәйкес, университетіміздің «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғам болып қайта құрылғандығы. Осынау білім ордасында жыл өткен сайын жайдарман жаңалықтар орын алып, білім ошағының материалдық-техникалық базасы нығайып келеді.

Еліміздің алдыңғы қатарлы университеттерінің бірі саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2016-2017 оқу жылында әскери кафедра, Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты ашылды. «Даму» акционерлік қоғамымен бір-

лескен «Стартап-Академия» және білім алушыларға қызмет көрсету орталығы құрылды. Жаңа студенттер үйі мен жүзу бассейні қолданысқа берілді.

Биылғы жаңа оқу жылында Жетісу университеті көпсалалы университеттердің ұлттық рейтингінде (НАОКО-2022) 4-орынға ие болды. Сонымен қатар, QS Еуропа және Орта Азия дамушы елдерінің аймақтық рейтингінде 241-250 үздік университет қатарына енді. Осының өзі жаннат мекеннің орталығында орналасқан, шаңырағы киелі, бағдары мен мақсаты айқын да жүйелі университеттің әлем және Қазақстан білім кеңістігіндегі тұғырының қаншалықты берік, беделінің зор екенін көрсететіні айтпаса да түсінікті.

Иә, жарты ғасырлық шежірені бедерлеген білім ордасы сан мың саңлақты тәрбиелеп, елдің еңсесін тіктеуге үлес қосар мәртебелі мамандарды даярлады. Тарих қойнауына тағылымды із қалдырып, болашаққа берік қадам жасап бара жатқан білім ордасы әлі де Қазақстан Республикасы, оның халқы үшін қызмет ете беретін болады.

50 жылдық мерейтойымыз құтты болсын!

Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,
«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамының Басқарма төрағасы – ректор



Тарихы кенен, тамыры терең

Университеттің өмір сүру уақыты мемлекетіміздің қалыптасу кезеңімен ұштасып жатыр. Алғашқы жылдары жоғары оқу орнында филология және физика-математика факультеттерінде 225 студент білім алып, 5 кафедрада 25 оқытушы қызмет атқарды.

Бүгінгі таңда университет бакалавриат, магистратура және докторантураның 113, соның ішінде көптілі және екі дипломды білім берудің 48 білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады. Халықаралық қатынастарды нығайту мақсатында қазіргі Заманауи Халықаралық университеттің (Қырғыз Республикасы), Пшасныш қаласындағы (Польша) Лингвистикалық-техникалық университеттің, 3. Бабура атындағы Әндіжан университетінің (Өзбекстан) базасында Жетісу университетінің өкілдіктері құрылды.

Университет Свечадағы Лингвистикалық-техникалық университетімен бірлесіп, 4 білім беру бағдарламасы бойынша және Алтай мемлекеттік университетімен бакалавриат пен магистратураның 2 білім беру бағдарламасы бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асырады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша

8 студент Польша, Түркия жоғары оқу орындарында білім алуға.

Өткен 2021–2022 оқу жылында университет контингенті 5265 оқушыны құрайды. Университет жарты ғасырға жуық тарихында жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар 53687 маман даярлады. Биыл 1868 маман бітірді десек, сонымен жалпы саны 55 555 маман даярланды. Осының өзінен-ақ, бірегей білім ордасының қабырғасынан қаншама қазақстандық азаматтың маман атанып, өзінің сара жолын сайратып ғұмыр кешіп жатқанын айқындауға әрі университетіміздің білім көкжиегіндегі ықпалы мен тұғырын анықтай беруге болады.

Университет құрылымында 6 факультет, колледж, биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты, StartUp Academy ZhU, «Рухани жаңғыру» ғылыми-білім беру орталығы, «Лиястану» ғылыми-практикалық орталығы, IT-орталық бар.

Университеттің материалдық-техникалық базасы заманауи талапқа сай. Университет иелігінде 3 оқу ғимараты, 3 студенттер үйі, спорттық алаңдар, бассейн және мұрағаты бай кітапхана бар. Оқу ғимараттарындағы аудиториялар оқытушылар мен білімгерлердің толыққанды жұмыс істеуіне негіз-

Осыдан 50 жыл бұрын Жетісу өңірінде құрылған жоғары оқу орны – халқымызға дәйекті білім беріп, жастарды тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, елдегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі. Осынау мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және биік белестерден өтті.



Мақтан етем мен сені

*Жарты ғасыр – білімге орда болғалы,
Өсу, өрлеу, өнегелі жолдары.
Талай түлек түлеп ұшып өзіңнен,
Білім атты кеңістікте самғады.*

*Толықтырып алдыңғылар қатарын,
Көш басында келе жатыр сапарың.
Жаһандану, жаңғырумен танылды,
Жарты әлемге жария боп атағың.*

*Талпынысы талапқа сай келетін,
Білімгерлер батыл басып енетін.
Университет – ақ ордасы білімнің,
Күндей болып шуақ-нұрын төгетін.*

*Мақтанышпен айтатындай жар салып,
Оңды өзгеріс болып жатыр қаншалық.
Ардагерлер амандықта жүрейік,
Жаңғыру мен жаңалықты қарсы алып.*

*50 жылда, бүгін міне еңселі,
Жетістікке жеткіз, өмір өлшемі.
Жер жаннаты Жетісудың жұлдызы,
Жарқырай бер, мақтан етем мен сені!*

деле отырып жабдықталған. Яғни, соңғы үлгідегі құралдармен қамтамасыз етілген. Білімгерлердің терең білім алуының кепілі болып табылатын кітапхана қоры мен жұмыс істеу кестесі де біріздендірілген. Болашақ маманның алаңсыз өмір сүріп, уақытын білім алу мен салауатты өмір салтын ұстануға орайластыру үшін студенттер үйіндегі жағдай белгілі бір тәртіпке бағытталып, бассейнде, спорт кешенінде арнайы кесте қойылған.

Ордалы оқу орнында оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу үдерістерін жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлер қамтамасыз етеді. ПОҚ және НР жалпы саны 281 адамды құрайды, оның ішінде 22 ғылым докторы, 103 ғылым кандидаты, 21 PhD докторы, 144 магистр, 18 профессор, 48 қауымдастырылған профессор бар.

Университетте еңбек жолын бастап, бүгінде самайларын ақ шалып, ардагер атанған абзал жандар да өздерінің бойындағы білімдерін жастарға сарқып беріп, өнегелі тәрбиеге баулуға қалтқысыз қызмет атқаруда.

50 жылдық мерейтой қарсаңында осылай толғана келіп, бірегей білім ордасына арнаған жырымды да оқырман назарына ұсынуды жөн санадым.

Дүйсен АҢСАБАЕВ,
Жетісу университетінің Құрметті профессоры

Құтты шаңырақ

Адам арманы асқақ болған сайын өмірдегі көрер қызығы мен қиындығы мол болады. Әлемдегі өзге мемлекетте тіршілік кешіп, жалынды жастықты елден жырақ өткеріп, білім алудың зор қуаныш әрі мұның бәрі өміріңе үлкен сабақ болар ұлы мектеп іспеттес екенін елестеткен сайын кеудеңе қуаныш ұялайды.

Менің аты-жөнім – Әлинұр Қасенова. Поляк университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алудамын. «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студентімін. Осы орайда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшылығы мен қызметкерлерінің күш-жігерінің арқасында бізге Лодзь қаласында орналасқан поляк университетінде білім алуға тамаша мүмкіндік берілді. Сол үшін әрі терең білім, телегей тәрбие ұсынған өз университетіме деген көңіл төрімдегі ыстық сезімді білдіргім келеді.

Қазір бізде шетелде оқуға, өмірлік мақсатымызды айқындауға, білімімізді тереңдетуге, көкжиегімізді кеңейтуге және жаңа достар табуға мүмкіндік бар. Өмірдегі ең үлкен арманымның бірі осындай елде оқып, білімді тереңдету болатын. Сол үшін университетім ұсынған бұл мүмкіндікке дән ризамын. Осы орайда білім ордасының 50 жылдық мерекесі құтты болсын дегім келеді.



Ордалы білім ошағы

Көптен бері көңілімді толқытып жүрген жүрекжарды лебізімді газет арқылы жеткізуге, әрі Польшадан ыстық сәлем жолдауға мүмкіндік туды. Мен қазіргі уақытта Польшадағы Лодзь университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алудамын. Есімім – Мерей Жұманұров. «Биология» білім беру бағдарламасының 3-курс студентімін. Жетісу университетінің басшылығына және оның халықаралық ынтымақтастық бөліміндегі қызметкерлеріне басқа елде оқуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын.

Рас, маған Еуропаның ең әдемі елдерінің біріне бару бақыты бұйырыпты. Бұған шексіз қуаныштымын әрі басқа елдердің студенттерімен танысуға және достық қарым-қатынас орнатуға, шетелдік университет мұғалімдерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алғандағы әсерімді әлі суреттеп жеткізе алмаймын. Тұғырлы елдің ордалы білім ошағында оқығаным өте ризамын. Өйткені мен секілді қазақ балалары мен қыздарына мүмкіндік сыйлаған университет және ондағы ұлағат иелері ғой. Осы орайда, еңселі білім ордасын жарты ғасырлық мерейтойымен құттықтаймын! Мен қайда жүрсем де өзімнің университетіммен мақтанамын!

Бетті дайындаған Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

ТУРИЗМ

Туризм – жаһандағы бизнестің басты табыс көзі. Туризм саласы Қазақстанда да қанатын кеңге жайып келеді. Дамыған елдердің барлығында туризм бизнес көзі болып саналады. Өкінішке қарай, Қазақстандағы туризм өзге дамыған мемлекеттермен салыстырғанда артта қалған . Оның басты себебі – маман тапшылығы.

Табыс көзі

Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде туризм жақсы жолға қойылған. Былай қарасаң, туризм өте қызықты сала. Негізінен туризм жай ғана саяхаттауды білдірмейді, сонымен бірге, елдің мәдениеті мен салт-дәстүрін, тілін, қалай пайда болғанын көрсететін үлкен танымдық бағыт. Қазіргі таңда Қазақстанда туризмнің дамуы қарқын ала түсті.

Бір ғана мысал ретінде Ақтау қаласындағы «Rixos Ақтауды» алсақ болады. Әрине, қуантарлықтай «бес жұлдызды» болмаса да , соңғы 2-3 жыл көлемінде Қазақстанның ішкі туризмін дамытты. Бұл елдегі туризмнің әлі де дамып жатқанының, әлемдік туризмде Қазақстанға да сұраныс көп екендігінің дәлелі. Менің бұлай айту себебім, Қазақстандағы қазба байлықтары мен көрікті жерлер шетелден асып түспесе, кем емес. Тек біздегі ең басты мәселе – жол машақаты. Себебі, сапасыз жолдар көптеген проблемаларға әкеліп соғады. Сондықтан, ішкі туризмді қолға алып, дамытатын болсақ, онда біздің шетелмен бәсекеге түсуге үлкен мүмкіндігіміз бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде: «Қазақстандағы туризм міндетті түрде дамиды. Мен оған сенімдімін», – деген болатын. Менің жеке пікірім, Қазақстандағы туризмнің дамуы бұл білікті мамандарды талап етеді. Ал мұндай мамандарды даярлау үшін сапалы білім-біліктіліктен қоса мол тәжірибеде қажет.

Ұлбике ДОСЫМБАЕВА,
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ журналистика
факультетінің студенті

ШӘКІРТҮНІ

Менің Қазақстаным – менің Отаным! Ата-бабамыз ұлан-ғайыр жерді жаудан қорғап, бүгінде бейбіт өмір сүріп жатқан бізге аманат етіп қалдырды. Жер үшін бабалар басынан қаншама қасірет өткені, қаншама тер мен қан төгілгені қарт тарихқа ғана аян.

Менің Отаным!

Қазақстан – егемендік алғанына 30 жылдан асқан зор мүмкіндіктер елі. Біздің мемлекеттің дамуы қарқынды. Қазір біз студент болғанның өзінде болашаққа жоспар құрып жатырмыз, мемлекетке пайда әкелу, Отанымыздың байлығын арттыру үшін өмірде тұлға болуды армандап жүрміз. Мен керемет мемлекетте тұратынымды жақсы білемін. Қазақстан – әрқайсымыз мақтанатын, Ұлы Дала елі деп қуана жар салатын мемлекет. Мұнда әртүрлі дінді ұстанатын көптеген ұлт өкілдері тұрады. Бірақ бәріміз бір-біріміздің қолдауымызды сезінеміз. Және біздің көзқарасымызда, сөзімізде және сенімімізде еркіндік байқалады.

Өйткені бостандық – өмірдің қажетті бөлігі, тек еркіндікпен ғана біз өз әлеуетімізді толық ашып, Отанымыздың игілігіне ұмтыла аламыз. Мен өз Отанымның, армандаған елімнің – Қазақстанның байлығын арттыра отырып, зор үлес қосып өмір сүргім келеді.

Еліміздің болашағы біздің – жастардың қолында деп түсінемін. Адам бір нәрсені өз үлгісімен ғана көрсете алады. Мен міндетті түрде сөзімнен емес, ісіммен үлгі көрсетуді ойлаймын. Бізді жарқын болашаққа бастайтын Президентімізге алғысым шексіз. Оның Жолдауларын оқи отырып, Отанымызға деген сый-құрметім арта түседі. Біз бақытты болуымыз үшін мемлекет бәрін жасауда.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KEGOC» АҚ «Қазақстан БЭЖ оңтүстік аймағының электр желісін күшейту, электр желілік объектілерді салу» техникалық-экономикалық негіздемесіне «Ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 5 желтоқсанда сағат 15.00-де Жетісу облысы, Талдықорған к., Ақын Сара к-сі, 128/130 үй мекенжайы бойынша өтеді.

Онлайн тыңдауға үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/73326637054?pwd=5duCesBh4W7vAGufEG7wZnpScEDyzD.1>

Идентификаторы: 733 2663 7054. Құпиясөз: 123.

Бастамашы: «KEGOC» АҚ, заң.мекенжайы: Астана к., «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат. БСН 970740000838. Тел.: 87711361010.

Әзірлеуші: «НПК Экоресурс» ЖШС, заң.мекенжайы: Қостанай к., Әл-Фараби даңғылы, 119- үй, оф. 317, тел.: 8(7142)504572. БСН 111240005489. Жоба бойынша құжаттама БЭП-те <https://ecportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press?lang=ru>, «қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефон бойынша сұратуға болады: 8(7142)504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: zhumadilova.kamshat@mail.ru және Талдықорған к., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «KEGOC» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам «Отчета о возможных воздействиях» к Техничко-экономическому обоснованию «Усиление электрической сети Южной зоны ЭЭС Казахстана. Строительство электросетевых объектов».

Общественные слушания состоятся 5 декабря 2022 года в 15.00. По адресу область Жетісу, г.Талдықорған, ул. Ақын Сара, д. 128/130.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/73326637054?pwd=5duCesBh4W7vAGufEG7wZnpScEDyzD.1>

Идентификатор: 733 2663 7054. Пароль: 123.

Инициатор: АО «KEGOC», юр.адрес: г. Астана, район «Алматы», проспект Тәуелсіздік, здание 59. БИН 970740000838. Тел.: 87711361010.

Разработчик: ТОО «НПК Экоресурс», юр.адрес: пр-т. Аль-Фараби, д.119 оф. 317, тел.: 8(7142)504572. БИН 111240005489.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8(7142)504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жетысуйской области» по адресам: zhumadilova.kamshat@mail.ru и г.Талдықорған, ул. Қабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 30 қарашасында сағат 15.00-де «Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің «Талдықорған – Үшарал магистральдық газ құбырының құрылысы» жұмыс жобасына ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізеді.

Өтетін орны: Алакөл ауданы, Үшарал к. Қонаев к. №74, акимат ғимаратында.

Zoom конференцияға қосылу үшін сілтеме:

<https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSfYkLbzAOT200UThvdz09>

Конференция идентификаторы: 741 104 4005

Кіру коды: F4HF4S

Ақпарат алу үшін хабарласыңыз:

Бас жобалаушының өкілі:

ЖШС «СП «НЕФТ» +77024399555 –

Койгелдиев Баты; k.batu@spneft.kz;

ҚОӘБ жобасын дайындаған:

+ 7 707 383 7818 – Байжиенова Толкын; jonistf.85@mail.ru.

Тепе-теңдікті сақтайды

Адам мен дін өте тығыз байланыста. Біздің мәдениетімізбен психологиямыздың түп-тамыры діннің астарында жатыр. Ислам дінін ұстанатындар мұсылман болып саналады. ХХІ ғасырда Ислам діні өте кеңінен тараған. Қазіргі кезде тек Ислам дінін ғана ұстанатын мемлекеттер бар. Сонымен бірге, зайырлы мемлекеттер де көп. Соның бірі – Қазақстан.

Ислам діні әлемге танылған дін болып есептеледі, халықтардың көбісі осы дінді берік ұстанады, бір Аллаға ғана сиынады.

Қазіргі таңда Ислам діні айтарлықтай үлкен маңызға ие. Себебі, Ислам діні бізді тәрбиелейді. Біз қазірдің өзінде барлығы осы дін бағытына қарай бейімделіп келе жатқанын байқай аламыз. Көпшілік өздерінің ақыретін ойлап, Ислам дінін ұстана бастаған. Оның ішінде Исламды қабылдаған басқа дін өкілдері де көптеп кездеседі. Кейбір қыздарымыз қысқа етекті көйлектерін тастап, жабық киінуге көшкен. Қоғамдық орталарда хиджап кимей-ақ, дінді берік ұстанып, құлшылық жасап жүргендер бар. Ислам дінін тереңінен үйреніп жүрген қыздар да арамызда көп кездеседі.

Ислам діні ең алдымен тазалыққа, өзімізді тәрбиелеуге үйретеді. Дін тек қана намаз оқумен шектеліп қоймайды, сонымен бірге, ізденуге, сөзі мен ісін берік ұстануға, көркем мінезге де мән береді. Ислам діні – әлемдегі көркем діндердің бірі, психологиямен терең байланысқан дін десек те болады. Алла Тағала осы дін арқылы бізге әлемді көркем етіп көруді үйретуде, өзіміздің де көркемділігімізді ұғындыруда.

Ислам діні болмаса жер бетінен бірлік-береке кететіндей көрінеді, себебі – біздің өміріміздің жақсы балансын жүргетінздегі кішкентай болса да иманымыз ұстап тұрады. Жоғарыда айтқанымызды, Ислам дінінің қазіргі таңда маңызы өте зор. Себебі, бұл дін болмаса, әлемде тепе-теңдік жойылады.

Аида МҰЗАППАРОВА,
Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ-дің студенті

Қазақстанда заманауи білім беру жүйесі қалыптасып,барлық сала жаңғыруда, дамуда. Шағын қадамдарымызбен асқақ арманға қарай жылжып келе жатқанымыз мені шабыттандырады.

Менің шұақты Қазақстаным 10-20 жылдан кейін қандай болмақ?! Кез келген қонақты қабылдауға дайын бейбітшілікті сүйетін ел болып қала ма?Ағымдағы оқиғалардың аясында мен өз Отаным үшін алаңдаймын. Әлемдегі түрлі сілкінестер біздің елге де әсер етіп жатқаны жасырын емес. Бірақ біз барлық қиындықты тек ауызбірлігімізбен ғана жеңіп шығамыз. 20 жылдан кейін балаларым мен немерелерім қазір көріп отырған гүлденген ұлы елде өмір сүретініне сенемін. Менің Қазақстанымның ғажайып табиғаты мені де ерекше қуантады. 20 жылдан кейін де табиғатымыз сұлу қалпын сақтайды білемін! 20 жылдан кейін Қазақстан бұдан да көркейіп, айындай болып, балаларым мен немерелерім көк майсада жүгіріп, тап-таза дала ауасын жұтады деп ойлаймын.

Інжу КЕРЕЗ,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚӘТУ-дің студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KEGOC» АҚ «Қазақстан БЭЖ оңтүстік аймағының электр желісін күшейту, электр желілік объектілерді салу» техникалық-экономикалық негіздемесіне «Ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 7 желтоқсанда сағат 11.00-де Алматы облысы, Қонаев к., 1-шағын аудан, 28 «а», Қонаев қалалық кітапханасы мекенжайы бойынша өтеді.

Онлайн тыңдауға үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/72918724986?pwd=bLTkppc9SSZf7N5vaobmsluj5VOrRn.1>

Идентификаторы: 729 1872 4986. Құпиясөз: 123.

Бастамашы: «KEGOC» АҚ, заң.мекен-жайы: Астана к., «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат. БСН 970740000838. Тел.: 87711361010.

Әзірлеуші: «НПК Экоресурс» ЖШС, заң.мекенжайы: Қостанай к., Әл-Фараби даңғылы, 119- үй, оф. 317, тел.:8(7142)504572. БСН 111240005489.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те <https://ecportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat/activities/15452?lang=ru>, «қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефон бойынша сұратуға болады: 8(7142)504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: priroda@zhetysu.gov.kz және Қонаев к., Жамбыл к-сі, 13.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «KEGOC» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам «Отчета о возможных воздействиях» к Техничко-экономическому обоснованию «Усиление электрической сети Южной зоны ЭЭС Казахстана. Строительство электросетевых объектов».

Общественные слушания состоятся 7 декабря 2022 года в 11:00. По адресу Алматинская область, г.Конаев, 1-й микрорайон, 28 «а», Городская библиотека г. Конаев.

Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/72918724986?pwd=bLTkppc9SSZf7N5vaobmsluj5VOrRn.1>

Идентификатор: 729 1872 4986. Пароль: 123.

Инициатор: АО «KEGOC», юр.адрес: г. Астана, район «Алматы», проспект Тәуелсіздік, здание 59. БИН 970740000838. Тел.: 87711361010.

Разработчик: ТОО «НПК Экоресурс», юр.адрес: пр-т. Аль-Фараби, д.119 оф. 317, тел. 8(7142)504572. БИН 111240005489.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat/activities/15452?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8(7142)504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» по адресам: priroda@zhetysu.gov.kz және Қонаев к., Жамбыл к-сі, 13.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление энергетик и жилищно-коммунального хозяй-ства Жетысуйской области» до-водит до сведения всех заинте-ресованных лиц, что 30 ноября 2022 года в 15.00 часов состоятся общественные слушания по про-екту ОВОС к рабочему проекту: «Строительство магистрально-го газопровода «Талдықорған-Үшарал».

Местопроедование: В здании Акимата Алакольского района, г. Үшарал, ул. Конаева №74.

Подключение к конференции Zoom:

<https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSfYkLbzAOT200UThvdz09>

Идентификатор конференции: 741 104 4005

Код доступа: F4HF4S

За информацией обращайтесь:

Представитель генеральной проекторганизации: ТОО «СП «НЕФТ» +77024399555 – Койгелдиев Баты;

k.batu@spneft.kz;

Разработчик ОВОС: +7 707 383 7818 – Байжиенова Толкын;

jonistf.85@mail.ru.

Жарияланған мақала авторла-рының пікірлері редакция көз-қарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландыру-лардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жария-ланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

■ ЭКОЛОГИЯ

Ауа, су, жер. Мұның барлығы бізді қоршаған орта болып саналады. Бүгінде біздің планета экологиялық дағдарысты бастан кешуде. Ауаның, судың және жер ресурсының ластана бастауы негізгі экологиялық мә-селе ретінде тіркеліп, әлем ғалымдарын аландатуда.

Кешенді бағдарлама керек

Қазақстанда ауаның ластануы қай деңгейде? Жалпы, ауа қалай және не үшін ластанады? Осы сұрақтардың жауабы кімге болса да қызықты екені сөзсіз. Мысалы, мұнай мен га-з өндіру кезінде кізеспе газ жанады. Нәтижесінде, ауаға кү-ш шығарылады. Атмосфераға көміртек пен қорғасын тотығыш шығаратын автокөліктер санының көбеюі де ауа ластаушы негізгі фактор. Оларды пайдалану кезінде сапасы төмен жанармайлар құйылып, көбінесе, пайдаланылған газдарды тазартуға арналған сүзгілер қолданылмайды.

Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу (қорғасын, мырыш, фосфор, хром өндірісі) жұмыстарының көбеюі экологиялық мәселені күрделендіріп отыр. Сонымен бірге, әлемде 20 миллиард тонна қалдық жиналған. Олардың үштен бір бөлігі күнделікті ауаны токсиндермен улайды.

Осы факторлардың әсерінен еліміздің 15 ірі қаласында ауа ластануы шекті деңгейінен асып түсті. Ең лас атмосфера Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарын-да тіркелді. Осының барлығы Қазақстанда бүгінде ауаның ластануына байланысты экологиялық мәселелердің туын-дауына әкеп соғып отыр.

Қазақстандағы жер ресурстарының ластануы да өте күр-делі мәселе. Жер ресурстарының жағдайы атмосфера мен судағы экологиялық жағдайға тікелей байланысты. Әдетте жер ресурстарының экологиялық жағдайын өндірістік қалдықтар, демалыс орындарының коқысқа толуы және радиоактивті залал сынды жайттар ушықтырады. Қазақстан-дағы жер ресурстарының ластану мәселесін қалай шешуге болады? Өзекті мәселені тек жер қыртысын қайта қалпына келтіру және сауықтыруды, заң бойынша тыйым салынған жерлерге коқыс қалдықтарын тастаған заңды тұлғаларға айыппұл көлемін арттыруды көздейтін кешенді бағдарла-малар ғана шеше алады. Ол үшін қоқысты утилизациялау және оны қай өңдеу шараларын қолға алған жөн.

Аяла АНУАРОВА,
ҚазХҚӘТУ-дің 1-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 5 желтоқсанында, сағат 15.00-де Алматы облысы, Ке-ген ауданы, Кеген ауылында Б. Момышұлы 19 мекенжайында «Алматы облысының Кеген ауданында орналасқан «Кегенское» кен орнында құм-кирпыш тасты өндіру бойынша ТАУ ЖОСПАРЫ және Алматы облысының Кеген ауданында орналасқан «Кегенское» құм-кирпышқ тас кен орнында ЖОЮ ЖОСПАРЫ» жобалары бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/74462244205?pwd=Z9bKGtncbOxc7abpYwrfOvRduFenNb.1>. Конференция идентификаторы: 744 6224 4205, қатынау коды: y6fjWV. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: ЖШС «ДСУ-13». Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық пошта: 87078216115, dilshatassainova@gmail.com. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады. Әзірлеуші Р.А. Құрманғалиев, тел: 87012775623. Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық пор-талда «Жарияланған тыңдаулар» айдарымен қабылданады. МИО веб-сай-тына сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru>

ОБЪЯВЛЕНИЕ

5 декабря 2022 года, в 15.00 часов, по адресу: Алматинская область, Кегенский район, с. Кеген, ул. Б. Момышұлы, 19 будут проводиться общественные слушания по проекту ПЛАН ГОРНЫХ РАБОТ по добыче песчано-гравийной смеси месторождения «Кегенское», расположенном в Кегенском районе Алматинской области и ПЛАН ЛИКВИДАЦИИ карьера песчано-гравийной смеси месторождения «Кегенское», распо-ложенном в Кегенском районе Алматинской области, расположенном в Еңбекшіқазақском районе Алматинской области. В случае карантина общественные слушания будут проводится в онлайн режиме. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/74462244205?pwd=Z9bKGtncbOxc7abpYwrfOvRduFenNb.1>. Идентификатор конференции: 744 6224 4205. Код доступа: y6fjWV. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ДСУ-13». Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: 87078216115, dilshatassainova@gmail.com. Ознакомитесь с материалами проекта можно на сайте: ecportal.kz. Разработчик РООС Курманғалиев Р.А., тел.87012775623. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания». Ссылка на сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru>